

Тасқала ауданы Тасқала ауылы  
Ы.Алтынсарин атындағы  
ЖОББ мектептің  
6 сынып оқушысы  
Муканбеткалиева Айгерим

Менің жанұям

Менің отбасымда 5 адам бар. Олар – апам, ата-анам, ағам және мен. Мен - үйдің кенжесімін. Ес білгелі кеш батысымен анамның жанына қаз-қатар тізіліп жата қаламыз. Мен үйдің кенжесі, анамның еркесі ретінде жып-жылы құшағына кіріп алып, үшеуіміз анамның әр сөзіне ұйып, ертегі тындаймыз. Анам адамгершілік, мейірбандық туралы өнегелі әңгімелерді де жиі айтады. Ал ата-анам жылы-жұмсағын бізден аямай, таңнан кешке дейін еңбек етеді. Анам - мектепте еден жуушы болып жұмыс жасайды. Ал әкем болса мал бағады, трактор жүргізеді. Екеуі де балаларын қажеттінің бәрімен қамтамасыз етіп, біздің ешкімнен кем болмауымыз үшін жанталасып еңбектенеді. Ал кешке жұмыстан келгенде үстел басында емен-жарқын отырып тамақтанамыз. Әкеміз күніміздің қалай өткенін сұрайды. Содан соң анаммен бірге кітап оқимыз. Кейде апам екеуіміз концерттік бағдарлама жасап, мереке, туған күндерде концерт қойып береміз. Ағам, ата-анам шаттанып, бәріміз де мәз-мейрам болып қаламыз. Біздің бақытты отбасымыздың әр күні осылай өтеді.